

# ЕЖЕЛГІ ВАВИЛОН МӘДЕНИЕТІ

Орындаған: Амангелді Шапағат  
Тоғайбек Жібек  
Серікбай Ақерке Темірханова Гулфайруз  
Тәмпиева Азиза


# Вавилон



- Вавилон (Babylon, Аккадша: Шумерше: KA2.DINGIR.RA -Bābili(m), яғни "Тәңірі қақпасы" деген мағынада, көне грекше: Βαβυλών) – [1] Қос өзен бойындағы ежелгі мемлекет. Даму тарихы төрт кезеңге бөлінеді: 1) ерте Вавилон патшалығы (біздің заманымыздан бұрынғы 1894 – 1518); 2) касситтер дәуірі (біздің заманымыздан бұрынғы 1518 – 1204); 3) саяси құлдырау дәуірі (біздің заманымыздан бұрынғы 1204 – 626); 4) жаңа Вавилон патшалығы (біздің заманымыздан бұрынғы 626 – 538). Месопотамияның оңтүстік бөлігінде (қазіргі Ирак жері) біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың басында пайда болған бұл мемлекет өзінің басты қаласының атауымен аталды. Ол алғашында (біздің заманымыздан бұрынғы 24 – 22 ғасырлар) Аккад мемлекеті патшаларының, кейіннен Ур әулетінен шыққан (біздің заманымыздан бұрынғы 22 – 21 ғасырлар) патшалардың қол астына қарады. Біздің заманымыздан бұрынғы 1894 жылы аморит тайпасынан шыққан Сумуабум әулеті Вавилон патшалығының негізін қалады. Хаммурапи патша (біздің заманымыздан бұрынғы 1792 – 50) тұсында Вавилон нығайып, ірі мемлекетке айналды. Біздің заманымыздан бұрынғы 16 ғасырда елді касситтер жаулап алды. Касситтер дәуірінде сыртқы саясат айтарлықтай табысты болмады. Дегенмен, елдің шаруашылығы қайтадан өркендеп, жылқы өсіру жақсы дамыды.



Б.з.б. XIV ғ. соңында Египеттің қайта өрлеуі Сирия жері үшін хеттер мен египеттіктердің күресін қайта жандандырды.




- Ешқандай нәтиже бермеді
- Ұзаққа созылды

- Қасиеттер әулеті құлағаннан кейін Навуходоносор I (біздің заманымыздан бұрынғы 1146 – 25) патша мен оның мұрагерлері тұсында Вавилон қайтадан күшейіп, Ассирия мен Эламды өзіне бағындырды. Бірақ кейіннен патшаның билігі әлсіреп, бөлініп шыққан Ассирия мен Эламның жасаған шабуылдары шаруашылықты мүлдем құлдыратып жіберді. Ассирия әскерлері қаланы екі рет қиратты, бірақ екі ретінде де Вавилон қалпына келтірілді. Біздің заманымыздан бұрынғы 626 жылы халдей тайпасынан шыққан Набопаласар Ассириядан бөлініп, өзін Вавилонның патшасымын деп жариялады. Ол мидиялықтармен одақтасып, Ассирия патшалығын талқандады да, территориясын бөліп алды. Сөйтіп, Жаңа Вавилон кезеңі басталды. Навуходоносор II (біздің заманымыздан бұрынғы 604 – 562) патша тұсында көптеген аймақтар жаулап алынды. Осы кезде Вавилонның экономикасы да күшейіп, Алдыңғы Азиядағы негізгі сауда орталығына айналды. Хаммурапи б.з.б. 1792-1750 жылдар аралығында патшалық етті. Навуходоносор II өлгеннен кейін сарай төңкерістері болып, мидиялықтармен үздііз соғыс жүргізілді. Біздің заманымыздан бұрынғы 538 жылы парсылардың патшасы Кир II Вавилонды басып алды. Осыдан кейін Вавилон патшалығы өзінің өмір сүруін мүлдем тоқтатты.



- Урдың III әулетінің билігі құлағаннан кейін басқа қалалардың ішінде Вавилон қаласы ерекшелене бастады.

- Аккад тіліндегі "бабилу" – «құдайға барар қақпа» деген ұғымды білдірді.



## ■ Вавилонның өрлеуі

Урдыңнң III әулетінің билігі құлағаннан кейін Қосөзенде ұзақ уақыт қырқысу соғыстары болып тұрды. Елдің оңтүстігінде Элам өктемдігі басымдау болса, солтүстіктен ассириялықтар шапқыншылықтар жасап отырды. Осындай жағдайда басқа қалалардың ішінде ерекшелене бастаған *Вавилон қаласы* болды. Аккад тіліндегі *бабилу - құдайға барар қақпа* деген ұғымды білдіреді. Өйткені қала керуен жолдарының қиылысқан жерінде орналасты. Шумерліктер мен аккадтықтардың жерлері де *Вавилон* арқылы шектесіп, түйісіп жататын. Бұның бәрі Қосөзеннің басқа қалаларының арасында Вавилонға біршама артықшылықтар беріп, ерекшелендіріп тұрды. Оның артықшылығы, әсіресе Хаммурапи атты билеушінің тұсында айқын көрінді.

Жерді жырту үшін буқалар пайдаланылды. Есек, қашыр сияқты үй жануарлардын арасында жылқы пайда болды. Жер өңдеудің жоғары өнімділігі тек аллювиалды жердің жемістігімен ғана емес сонымен қатар ирригациялық жүйенің болуымен шарттандырылды. Қыстық қысқа мерзімді жаңбырлар кезеңі, өте жоғары ауа температурасы, сонымен қатар өзендердің толу кезеңі мен егу кезендерінің сәйкес келмеуі – жасанды суландыруды ойлап табуға түрткі болды. Негізгі каналдар өз бастауларын Тигр және Ефрат өзендерінен алып, олардан су кішігірім тармақтарға бөлініп, тікелей егістерге жететін. Жүйедегі судың қажетті денгейі бірқатар су бөгеттерінің болуымен сақталып отырады. Биік аудандарға суды жеткізу үшін арнайы құралдар көмегімен көтерген, бұл құралдар шумерлік кезенмен салыстырғанда едәуір жаңартылған. Шынында, су көтеру құрылысы техникалық қатынас жағынан ауыр емес, ал адамның қара жұмысының едәуір шығындарын талап етті.



- Б.з.д. II мыңжылдықта Вавилон далаларында астықтан басқа дақылдар өсірілді. Әсіресе, Хаммурапи кезеңінің түрлі сортты жеміс ағаштары бар бақ шаруашылығы қатты дамыды. Едәуір кен кеністікке құрма пальмасы отырғызылды.
- Тау етектерін, жазықтарды, жайлауларды пайдаланатын бай жайылымдардын бар болуы мал шаруашылығының одан әрі дамуына мүмкіндік берді.
- Вавилондық шаруашылық өмірі, егер бас орманшы басқаратын орман шаруашылығын ескермесек, толық болмайды. Жекелеген «орман учаскелері» оның бағынушылардың қарамағында болды, олар аса бағалы құрылыс материалдарының көзі болып табылатын – орманның сақталуына жауап берді.

Б.з.д. II-мыңжылдық басында ақша қызметін күміс атқарды және сақталған құжаттар тауарға деген баға қатынасын атқаруға мүмкіндік береді. Жалдаушының дәстүрлі натуралды төлеммен қатар, оның шаруашылығында ұзақ мерзім жұмыс атқарған жұмысшылар мен күміспен есеп айырысқан жағдайлар да белгілі. Саудагерлер, тамқарлар бұрыңғыдай патша өкілдері ретінде саналды. Бірақ, олардың билігінде керуенді бастаушы және бөлшек сауда мен айналасушы көмекшілері болды.